**Қазақстан Республикасының кейбір соттарын құру, қайта ұйымдастыру және олардың атауын өзгерту және Қазақстан Республикасы соттарының кадр мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 10 ақпандағы № 778 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 82-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 6-бабының 1-тармағына, 31-бабының 2 және 8 -тармақтарына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Мыналар:

Алматы облысының Алатау қалалық соты;

Шығыс Қазақстан облысының Марқакөл аудандық соты;

Шығыс Қазақстан облысының Үлкен Нарын аудандық соты құрылсын.

2. Мыналар:

Қостанай облысының Алтынсарин аудандық соты, Қостанай аудандық соты біріктіру жолымен Қостанай облысының Қостанай ауданаралық соты болып;

Павлодар облысының Ақсу қалалық соты, Май аудандық соты біріктіру жолымен Павлодар облысы Ақсу қаласының ауданаралық соты болып;

Солтүстік Қазақстан облысының Тимирязев аудандық соты, Шал ақын аудандық соты біріктіру жолымен Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының ауданаралық соты болып қайта ұйымдастырылсын.

3. Мыналардың:

**Абай облысы бойынша:**

Семей қалалық сотының атауы Семей қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық соты;

Семей қаласының № 2 сотының атауы Семей қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соты;

Семей қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының атауы Семей қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты;

Семей қаласының мамандандырылған тергеу сотының атауы Семей қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу соты;

Үржар ауданының № 2 аудандық сотының атауы Мақаншы аудандық соты;

**Павлодар облысы бойынша:**

Павлодар қалалық сотының атауы Павлодар қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық соты;

Павлодар қаласының № 2 сотының атауы Павлодар қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соты;

Павлодар қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының атауы Павлодар қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты;

Павлодар қаласының мамандандырылған тергеу сотының атауы Павлодар қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу соты;

**Түркістан облысы бойынша:**

Түркістан қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының атауы Түркістан қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты;

Түркістан қаласының мамандандырылған тергеу сотының атауы Түркістан қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу соты;

Түркістан қалалық сотының атауы Түркістан қаласының ауданаралық соты болып өзгертілсін.

4. Атауы өзгертілетін соттардың төрағалары мен судьялары атауы өзгертілген соттардың төрағалары мен судьялары болып есептелсін.

5. Судья қызметіне:

| | |
|---|---|
| **Алматы облысы бойынша:** | |
| Алатау қалалық сотына | **Әміркұлов Мақсат Талғатұлы**<br>осы облыстың Қонаев қалалық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>Мейірбекова Ақмарал Бақбергенқызы<br>осы облыстың Талғар аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып; |
| **Қостанай облысы бойынша:** | |
| Қостанай ауданаралық сотына | **Айбасов Серік Еділбайұлы**<br>осы облыстың Қостанай аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>**Бүріктібаев Арман Маратұлы**<br>осы облыстың Алтынсарин аудандық сотының төрағасы қызметінен босатыла отырып;<br>**Жарасбаев Жұмаш Рамазанұлы**<br>осы облыстың Қостанай аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>**Қабдоллин Рустам Әуезханұлы**<br>осы облыстың Қостанай аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>**Төкенов Сұлтан Сәулетұлы**<br>осы облыстың Қостанай аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>**Төлеев Айнар Боратұлы**<br>осы облыстың Қостанай аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып; |

| | |
|---|---|
| | **Утина Сәуле Құбайқызы**<br>осы облыстың Қостанай аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып; |
| **Павлодар облысы бойынша:** | |
| Аққулы аудандық сотына | **Қалкен Ержан Ермекұлы**<br>осы облыстың Май аудандық сотының төрағасы қызметінен босатыла отырып; |
| Ақсу қаласының ауданаралық сотына | **Амангелді Нұрғиса Қайратұлы**<br>осы облыстың Ақсу қалалық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>**Әменова Мейрамгүл Сайлауқызы**<br>осы облыстың Ақсу қалалық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>**Багаева Сабина Анатолийқызы**<br>осы облыстың Ақсу қалалық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>**Батраханов Абылайхан Қуандықұлы**<br>осы облыстың Ақсу қалалық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>**Ерғалиев Руфат Қайырбайұлы**<br>осы облыстың Ақсу қалалық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>**Қапанова Алмагүл Құлатайқызы**<br>осы облыстың Ақсу қалалық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>**Пономарева Светлана Николаевна**<br>осы облыстың Ақсу қалалық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>**Сабабаева Сымбат Қайроллақызы**<br>осы облыстың Ақсу қалалық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>**Силантьева Юлия Вячеславовна**<br>осы облыстың Ақсу қалалық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып;<br>**Темірова Айым Хәлелдіқызы**<br>осы облыстың Ақсу қалалық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып; |
| Павлодар қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына | **Құсайынов Ермек Қапарұлы**<br>осы облыстың Ақсу қалалық сотының төрағасы қызметінен босатыла отырып; |
| Успен аудандық сотына | **Хамитова Гүлзия Ерсайынқызы**<br>осы облыстың Май аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып; |
| **Солтүстік Қазақстан облысы бойынша:** | |
| Петропавл қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотына | **Әлжанова Гүлім Еламанқызы**<br>осы облыстың Тимирязев аудандық сотының төрағасы қызметінен босатыла отырып; |
| Шал ақын ауданының ауданаралық сотына | **Басыбаева Әлия Досқызы**<br>осы облыстың Шал ақын аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып; |

| | |
|---|---|
| | Курынова Татьяна Борисовна<br>осы облыстың Шал ақын аудандық сотының төрағасы қызметінен босатыла отырып; |
| **Шығыс Қазақстан облысы бойынша:** | |
| Үлкен Нарын аудандық сотына | **Фирсов Владимир Сергеевич**<br>осы облыстың Зайсан аудандық сотының судьясы қызметінен босатыла отырып тағайындалсын. |

6. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасының Президенті* | *Қ.Тоқаев* |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК